Не киіпті басына? (басын екі қолымен көрсету)
Та-қи-я</td></tr>
</table>

		Не киіпті үстіне? Көй-лек Ал көйлектің үстінен... Қам-зол Аяғына не киген? Мә-сі Мың бұралған тамаша Сол бишіні кім көрді? Мен!!! Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу **Бата:** «Астарыңыз дәмді болсын» Асың-асың-асыңа Береке берсін басыңа Алла бізді қолдасын Еш жамандық болмасын				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	9:00 - 9:15	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		Ойыншықтар Ойыншықтар қандай әдемі, Қызыл, сары, қоңір, көк. Түрлі-түрлі түстері, Көз тартады өздері. Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймаймын, Достарыммен ойнаймын	**Дидактикалық ойын** «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» **Мақсаты:** ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	**Ойыншығым** Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын.	Санамақ Бақшаға жақсы аға, Көп-көп ойыншық әкелді. Бір балық, бір аю, бір үйрек. Бір түлкі, бір бүркіт, Шатасып қалма бірақта, Бақшаға жақсы аға, Қанша ойыншық әкелді	**Әңгімелесу** «Менің сүйікті ойыншықтарым» **Мақсаты:**Балалардың сөздік қорын ойыншықтардың атауларымен байыту.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері (үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы.үзілісте: дәруменді таңғы ас)	9:15 - 10:00	**<u>Жаратылыстану.</u>** **Тақырыбы:**«Жеміс толы себет» **Мақсаты:** Жемістің бірнеше түрі жайлы түсінігін жүйелендіру; оларды өсіру тәсілдері туралы түсінігін кеңейту. Есте сақтау, зейін қою, ойлау қабілетін дамыту. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу	**<u>Сөйлеуді дамыту.</u>** **Тақырыбы:** «Шар мен текшені салыстыру» **Мақсаты:**Балаларға геометриялық пішіндер - шар, текше сөздерін естеріне сақтауға, олардың ерекшеліктерін (мысалы: шар домалақ, домалайды; текше төртбұрышты, орнынан қозғалтуға болады, бірінің	Математика негіздері. **Тақырыбы:**« Күндіз. Біреу-көп» **Мақсаты:** « Күндіз. Біреу-көп»ұғымын балаларға меңгерту.	**<u>Сурет салу.</u>** **Тақырыбы:** «Түрлі түсті ленталар» **Мақсаты:**Сурет оқу іс-әрекеті құрал-жабдығымен танысу.Оларды пайдалану ретін үйрету және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Түрлі-түсті	**<u>Көркем әдебиет.</u>** **Тақырыбы:**Ойыншықтар туралы түсініктерін Кеңейту. **Мақсаты:**Балалардың ойыншық туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың сөздік

		қабілетін қалыптастыру. **Музыка.** Тақырыбы: *1.* «Қуыршақ» *2.* «Қуыршақ» **Мақсаты:** Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу,музыкалық қабілетін дамыту	үстійе бірін қоюға болады) ажыратуға үйрету. Дене шынықтыру. **Тақырыбы:**Күшікке қонаққа барамыз. **Мақсаты:**Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліп жасай білу дағдыларын бекіту.Жаттығулар орындау кезінде тыныстыту тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру.		бояуларды пайдалана отырып, түзу сызықтар жүргізе білуге үйрету. Ойын арқылы ұзын қысқа ұғымдарын бекіту Дене шынықтыру. Тақырыбы: Күшікке қонаққа барамыз. **Мақсаты:**Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліп жасай білу дағдыларын бекіту.Жаттығулар орындау кезінде тыныстыту тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру.	қорын байыту **Қоршаған ортамен танысу** «Балабақша-біздің екінші үйіміз» **Мақсаты:** Балаларға геометриялық пішіндер - шар, текше сөздерін естеріне сақтауға, олардың ерекшеліктерін (мысалы: шар домалақ, домалайды; үй жасауға баулу **Дене шынықтыру.** **Тақырыбы:**Тышқандар**Мақсаты:**тура бағытта төрттағандап еңбектеуге үйрету. Бір – бірден сап – тізбекке тұру; тоқтап және тапсырманы орындай жүру; музыкаға сәйкес қимыл жасауға жаттықтыру.
Серуенге дайындық.	10:00 - 10:20	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
	10:20 - 12:00	Күнді бақылау. **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған	Тұманды бақылау. **Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда	Шықты бақылау. **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың	Өткінші жаңбырды бақылау. **Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік	Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. **Мақсаты:** Күзде

		сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **Қимылдық ойын:** «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. **Еңбек**: Гүл шоғы. **Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Қимылдық ойын:** **«Үрпек төбет»**	болатынын түсіндіру. **Еңбек**: Ағаштардың түптерін қопсыту. **Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. **Қимылдық ойын:** « Шымшық доп»	пайда болу жолы. **Еңбек**:Ағаш бұтақтарын жинау. **Мақсаты:** Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. **Қимылдық ойын:** «Қаздар мен бақташы».	беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. **Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту. **Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» **Мақсаты:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.	өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. **Еңбек**: Біздің ойын алаңы **Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. **Қимылдық ойын:** «Айгөлек-ау, айгөлек». **Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	12:00 - 12:20	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Гигиеналық шаралар Түскі ас	12:20 - 13:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаю қадағалау.				
Күндізгі ұйқыға жатқызу	13:00 - 15:10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
		Көкөністер туралы ертегі Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Жалқау қоян ертегісін оқып беру.	Маша мен аю ертегісін оқып беру. Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	Мысық пен тышқан ертегісін оқып беру.	Су жүрек қоян ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар	15:10 - 15:40	1.Керуеттегі жаттығулар (2-3 минут) Оянайық бәріміз. Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер.				

		Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.6-7 рет 2.Кереует жанындағы жаттығулар (2 ,5минут) Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық. - Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру. - Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. - Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу. Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. 7-8 рет 3.Шынықтыру шарасы.(2-3 минут) Әдемі ирек жолдар мен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаңаяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру. 4.Демалуды қалыпқа келтіру Демді қалыпқа келтіру. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді бі зқұрайық, Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық!. 1,5 мин				
Гигиеналық шаралары. Бесін ас.	15:40 - 16:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ойындар, дербес әрекет.	16:00 - 16:30	**Үстел- үсті** ойыншықтары театры: **Мақсаты:** ойыншық	**<u>«Ойыншықтар әлеміне саяхат»</u>** **Тақырыбы:** Балаларды	**Ддидактикалық ойын:** «Ойыншықтар дүкені» **Мақсаты:**	**Сюжеттік - рөльдік ойын:** «Дүкен» **Мақсаты:** Балаларға	**«Ойыншықтар айтысы»** әңгімесін оқу.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.		кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады.	ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету. **Мақсаты:** Балаларды ойыншықпен ойнар алдында тату- тәтті, дос болуға дағдыландыру. Ойыншықпен бөлісіп ойнауға үйрету.	Ойыншықтармен ойнау барысында балалар салыстыруды үйренеді. Заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын белгілейді.	дүкендегі ойыншықтар туралы түсінік беру, үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту.	**Мақсаты:** Ойыншықтарды күтіп ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.
		«Ойыншықтар» Қадыр Мырза Әли Асыққанда, сасқанда Түсіп қалған дорбаңдай, Екі аяғы аспанда Құлап жатыр қорбаңбай. Ойыншық ит қарап тұр, Жаны жоқ қой – үрмейді. Моторы жоқ трактор Сүйресең де жүрмейді. Көзі қайда қыранның, Мүйізі сынған бұғылар. Жүк көтерген кранның Күші жоқ та, жүгі бар. Үйреншікті ізбенен Келеміз біз сәріде. Ойнағанда бізбенен Жан кіреді бәріне	**«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойынының Мақсаты:** берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру	**Психологтың жұмысы:** Ментемірмен үнді дыбысты (Р) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	**Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан Іңкарді «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	**Жеке баламен жұмыс:** Айзеремен 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялықпіші ндердідұрысатап, ажыратабілугеүйрету
Серуенге дайындық.	16:30 - 16:50	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау.				
Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары	16:50 - 17:20	**«Дөңгелекті лақтыру»** **Мақсаты:** Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.	**«Сұр қоян жуынады»** **Мақсаты:** Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.	**«Қойлар мен қойшы»** **Мақсаты:** Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиееу. Тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудара білуге үйрету.	**«Ұшатын құстар»** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету, және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету.	**«Мысықтар мен балалар»** **Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету.

						Ептілікке,алғырлық қа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу.	17:20 - 17:30	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Гигиеналық шаралар	17:30 - 18:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;				
Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	18:00 - 18:30	Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу.	Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Балалардың балабақшаға ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларының жақсы қасиеттерін айту.	Балалардың таңертең кешікпей келулерін ата аналарға ескерту.

ЦИКЛОГРАММА

IV -апта (21.09.2020-25.09.2020 ж.)

Ортаңғы «Балсая» тобы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Тақырыпша:Жиһаздар

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 21.09.2020ж	Сейсенбі 22.09.2020ж	Сәрсенбі 23.09.2020ж	Бейсенбі 24.09.2020ж	Жұма 25.09.2020ж
Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру	8:00 - 8:30	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:Жиһаздартуралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
		Дидактикалық ойын: « Жиһаз атауына сөйлем құрау». Мақсаты: түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту.	**Дидактикалық ойын:** «Қай ойыншық тығулы тұр?»**Мақсаты:** Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	**Дидактикалық ойын**: «Не жетпейді?» **Мақсаты:** жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.	**Дидактикалық ойын:** « Жиһаздарды құрастыр» **Мақсаты:** 2-3 бөліктен құрастыруға үйрету.	**Дидактикалық ойын:** «Қай жиһаз жасырулы тұр» . **Мақсаты:** балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
		Таңертеңгі жаттығулар кешені Құралмен 5-6мин **Мақсаты:**Қимы- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	8:30 - 9:00	Ойын- жаттығу Қатар, қатар тұрайық Кәне, кәне сұрайық Кімнің болса бойы ұзын Паравозы поездің Пш-пш-пш-пш біз кеттік Жүрісті біз үдеттік Гу-гу-гу гуілде Қалып қойма біріңде. Күннің шыққаны жақсыма? (күнді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Желдің соққаны жақсыма? (желді бейнелейді) Жақсы! (алақандарын соғады) Достарың мен жүрген жақсыма? (адымдайды) Анаңды құшақтаған жақсыма? (өздерін құшақтайды) Жақсы! (алақандарын соғады) Туған өлкеде жақсыма? (құшақтарын жаяды) Жақсы! (алақандарын соғады) Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу				

		Бата: Дәулетіңді тастырсын Сәулетіңді астырсын Ақсақалың келгенде Ақдастархан жайылып Адал ас пен бас тұрсын Тіл мен көзден аман боп Түлеп ұшсын жас қыршын				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	9:00 - 9:15	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» **Мақсаты:** балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету:Айгүл бөлмеге кіріп, шырынды ....қойды.(үстел үстіне)	**Ойыншығым** Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинағамінер ем, Кабинаға сыймаймын.	**Дидактикалық ойын:** «Доппен ойын» **Мақсаты:**Жиһаз атауларына қарама-қарсы сөздерді айтуға үйрету. **Мыс:** үлкен орындық-кішкентай орындық; Жұмсақ диван-қаттыМақсаты: Балаларды жиһаздың жасалу жолымен таныстыру.	**«Ағаш шебері»** өлеңі Бұрқыратып иісін Тақтай тілем ағаштан Безендірем үй ішін Жабдықтармен жарасқан Болсын берік, көрікті Пәтерлердің жасауы Соған лайық ең мықты Келер жиһаз жасағым	Дидактикалық ойын: «Жиһаз неден жасалған?» Мақсаты:Жиһаздың жасалу технологиясымен таныстыру. **Мыс**: шкаф-ағаштан, орындық-пластмассадан....
Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәрумендi таңғы ас)	9:15 - 10:00	**<u>Жаратылыстану.</u>** **Тақырыбы:** «Күзгі гүлдер». **Мақсаты:**Гүлдердің түрлерімен таныстыру, гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу. Музыка. Тақырыбы: «Қуыршақ» **Мақсаты:** Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу,музыкалық қабілетін дамыту	**<u>Сөйлеуді дамыту</u>** «Балалар текшелермен ойнайды». **Мақсаты:**Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, қоршаған ортаға –үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. **<u>Дене шынықтыру.</u>** **Тақырыбы:**Тышқандар **Мақсаты:** тәрбиешінің артынан жүріп өту; айналмалы жолмен жүріп	Математика негіздері. **Тақырыбы:** «Үлкен-кіші. Таңертең» **Мақсаты:** таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен - кіші) және санына қарай (бір - көп) салыстыруды үйрету; қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу	**<u>Сурет салу</u>** **Тақырыбы:** «Сандықты әшекейлеу» **Мақсаты:**Сандық туралы, сандықтың шығу тарихы жайлы біледі. **<u>Дене шынықтыру.</u>** **Тақырыбы:**Көже ктер**Мақсаты:**Тәр биешінің артынан жүріп өту;	**<u>Көркем әдебиет.</u>** **Тақырыбы:**Ойыншықтар туралы түсініктерін Кеңейту **Мақсаты:**Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Қоршаған ортамен танысу. **Тақырыбы:**«Менің

			өту; «Допты қуып жет» тапсырмасына жүгіру		айналмалы жолмен жүріп өту; «Допты қуып жет» тапсырмасына жүгіру	отбасым» Мақсаты: Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы, мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерді қолдануға үйрету **<u>Дене шынықтыру.</u>** **Тақырыбы:**Көжектер **Мақсаты:**Балалар шеңбер бойымен тәрбиешінің артынан жүріп өтеді. Ақырын, қатты жүреді. Және де аяқтың ұшымен жүруге үйренеді. «Шар үрейік» жаттығуын орындайды.
Серуенге дайындық.	10:00 - 10:20	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	10:20 - 12:00	**Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. **Еңбек**: Біздің аула **Мақсаты:** Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық».	**Бақылау:** Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. **Еңбек**: Гүл тұқымдарын жинау. **Мақсаты:** Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық» **Мақсаты:** Балаларды тату	**Бақылау:** Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. **Еңбек**: Гүл тұқымдарын жинау. **Мақсаты:** Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру.	**Бақылау:** Көгершінді бақылау. **Мақсаты:** Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Еңбек**:Ауладағы құстарға жем беру. **Мақсаты:** . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	**Бақылау:** Күзгі көріністі бақылау. **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін айыра ылуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. **Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды

		Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.	ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық» **Мақсаты:** Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	**Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал».** **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету.	еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. **Қимылдық ойын:** «Жүгіріп өтуге үлгер». **Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.
Серуеннен оралу	12:00 - 12:20	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.				
Гигиеналық шаралар Түскі ас	12:20 - 13:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Күндізгі ұйқыға жатқызу	13:00 - 15:10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
		Бір жарым дос Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Түлкі мен қасқыр ертегісін оқып беру.	Түлкі мен қасқыр ертегісін оқып беру.	Үш жалқау ертегісін оқып беру. Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	Сауысқан мен көкек ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар	15:10 - 15:40	1.Керуеттегі жаттығулар (2-3 минут) Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд. - Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.6-7 рет 2.Керует жанындағы жаттығулар(2 ,5минут) "Құстар" 1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қолбелде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту. 3. «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақ пен едендісоғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр" - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. 7-8 рет				

		3.Шынықтыру шарасы.(2-3 минут) «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. 4.Демалуды қалыпқа келтіру Бәріміз бірге еңкейейік. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тіземізді ұстайық. Бір орында секіру. Тынысалу. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»1,5 мин.				
Гигиеналық шаралары. Бесін ас.	15:40 - 16:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ойындар, дербес әрекет.	16:00 - 16:30	**Мазмұнды- рөлді ойын:** «Жиһаздар» **Мақсаты:** Жиһаз туралы білімдерін жетілдіру. Рөлге бөліп ойнауға тәрбиелеу	**«Ойыншықтар әлеміне саяхат»** **Тақырыбы:** Балабақшада ойыншықпен қалай ойнау керек? **Мақсаты:**Балаларды ойыншықпен ойнар алдында тату- тәтті, дос болуға дағдыландыру. Ойыншықпен бөлісіп ойнауға үйрету.	«**Жұмбақтар»** **Мақсаты:** Жиһазда туралы жұмбақтарды шешуге дағдыландыру.	**Үстел үсті ойыны:** «Жиһаздарды орналастыр» **Мақсаты:** үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, картиналар құрастыру.	**«Жиһаз»** тақырыбында әңгімелесу. **Мақсаты:** Жиһаз туралы әңгіме айтып беруге үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.		**Ддидактикалық ойын:** «Ойыншықтар дүкені» **Мақсаты:**Ойыншықтар мен ойнау барысында балалар салыстыруды үйренеді. Заттардың ұқсастығы мен	**Сюжеттік - рөльдік ойын:** «Дүкен» **Мақсаты:** Балаларға дүкендегі ойыншықтар туралы түсінік беру, үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік	«Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойынының **Мақсаты:** берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және	**Жеке баламен жұмыс:** **Мақсаты:** Дарын мен Каусар сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	**Психологтың жұмысы:** Гауһармен өзін ортада қалай ұстау жөнінде жұмыс жүргізу.

		айырмашылығын белгілейді.	сезімдерін дамыту.	аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру.		
Серуенге дайындық.	16:30 - 16:50	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары	16:50 - 17:20	**«Лақтырда қағып ал»** **Мақсаты:** Балаларды ептіліке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.	**«Кеглиді көзде»** **Мақсаты:** Балаларды мергендікке,ептілікке,белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету.	**«Кеглиді көзде»** **Мақсаты:** Балаларды мергендікке,ептілікке, белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету.	**«Допты тордан лақтыр»** **Мақсаты:** Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.	**«Қайда жасырылғанын тап»** **Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке, татулыққа тәрбиелеу
Серуеннен оралу.	17:20 - 17:30	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Гигиеналық шаралар	17:30 - 18:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;				
Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	18:00 - 18:30	Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес:«Баланы күзде қалайкиіндіру керек?»	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	«Денсаулық дегенімізді қалайтүсінесіз?» тақырыбында ата-аналарменәңгімелесу	Балалардың тазалығы туралы ескертулер.

ЦИКЛОГРАММА

І-апта (28.09.2020-02.10.2020 ж.)

Ортаңғы «Балсая» тобы

Өтпелі тақырып:«Менің отбасым»

Тақырыпша:Менің отбасым, ата-аналар еңбегі

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 28.09.2020ж	Сейсенбі 29.09.2020ж	Сәрсенбі 30.09.2020ж	Бейсенбі 01.10.2020ж	Жұма 02.10.2020ж
Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар үстел үсті, саусақ т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру	8:00 - 8:30	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Менің отбасым, ата-аналар еңбегітуралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
		Дидактикалық ойын. **«Кім жылдам?»** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру. Балалардың создік қорын байыту.	Отбасы дәстүрлері Отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнату.Жағымды жағдай орнату.	Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау.	**Еңбек:**Тәрбиешімен бірге жуылған ойыншықтарды ретімен қою. **Мақсаты:** Еңбекке деген қызығушы-лықтарын арттыру.	Дидактикалық ойын: «Қарада ата» **Мақсаты:** Заттарға іс-әрекет таңдау.
		Таңертеңгі жаттығулар кешені Құралсыз 5-6мин **Мақсаты:** Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	8:30 - 9:00	Ойын- жаттығу Шеңберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап күлкімізді сыйлайық! Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу. **Бата:** Асың, асың асыңа Береке берсін басыңа Бөденедей жорғалап Қырғауылдай қорғалап Қыдыр келсін қасыңа!				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	9:00 - 9:15	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		«Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру	**Сөздік ойын** «Өзімнің үйім» **Мақсаты:** балалардың өзі	Әр балаға ата-анасын сыйлауға, татулыққа, қамқорлық жасауға	«Мен анамның еркесі» Мақсаты: Балаларды анасының	Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу

		Мақсаты: отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру.	үйін табуға көмектесу.	дағдыландыру	қалай еркелететіні жайлы сұрастыру.	Мақсаты: Анасы мен әжесіне көмектесуін, айтқанын бұлжытпай орындауға үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы.Үзілісте: дәрумендi таңғы ас)	9:15 - 10:00	**<u>Жаратылыстану.</u>** **Тақырыбы:**«Жау, жау, жаңбыр!» **Мақсаты:**Өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.Жаңбырға деген қуаныш сезімдерін үйрету **<u>Мүсіндеу.</u>** **Тақырыбы:**«Қояндарға арналған сәбіз» **Мақсаты:** қоршаған ортамен таныстыруды жалғастыру,қоянның тіршілігі туралы балаларға түсінік беру. Сопақша пішінді және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеуге үйрету,сондай-ақ ермексазды дұрыс қолдану жолдарын дамыту Музыка. **Тақырыбы:**«Анашым» **Мақсаты:**Сөздерді және дыбыстарды анық, дауыстап айтуға жаттықтыру, анасы туралы пікірін тиянақты, еркін жеткізе білуге талпындыру	**<u>Сөйлеуді дамыту.</u>** **Тақырыбы:** 1.«Балалар текшелермен ойнайды». 2.Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу. **Мақсаты:** Отбасы мүшелерінің үйдегі,дастарқан басындағы орны жайлы түсіндіру Дене шынықтыру. Тақырыбы:Қонжықтар **Мақсаты:**Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге, көтеріңкі (зат үстінде) тіреуде статикалық тепе-теңдікті сақтауды; заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту.	<u>Математика негіздері.</u> Тақырыбы:Шеңбер. Үлке-кіші **Мақсаты:**Осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану; таныс зттарды көлеіне қарай (үлкен - кіші) және санына қарай (бір -көп) салыстыруд ы үйрету; қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа қызығушылыққа тәрбиелеу Музыка. Тақырыбы: 1. «Ақ әжем» **Мақсаты:** Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру.Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақтың мәнерлігін тұсініп, ажыратуға үйрету.Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру	**<u>Сурет салу.</u>** **Тақырыбы:**«Қуырш аққа арналған сақина» **Мақсаты:**Балаларды сақинаның дөнгелекке ұқсастығын тауып,соны сала білуге жаттықтыру. Сақинаны салуда бояуды сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйрету. . <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы: Қонжықтар **Мақсаты**:Допты қақпа арқылы домалатуды үйрету. Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге, көтеріңкі (зат үстінде) тіреуде статикалық тепе-теңдікті сақтауды бекіту	**<u>Құрастыру</u>** **Тақырыбы:** «Лақтарға және боталарға арналған қоршаулар» **Мақсаты:** Лақтарға және боталарға арналған қоршауларды жасап ептілікке баулу <u>Дене шынықтыру.</u> Тақырыбы:Тиінге қонаққа барамыз **Мақсаты:** Қимылды белгілі тәсілмен, белгіленген бағытта нұсқау бойынша бастап, орындап, аяқтауға тәрбиелеу. Музыкаға деген әсерленушілік сезімін бекіту. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.
Серуенге дайындық.	10:00 -	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				

	10:20	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	10:20 - 12:00	Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. **Мақсаты:** Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. Еңбек: Біздің ауламыз. **Мақсаты:** Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Қимылдық ойын: « Күн мен түн». **Мақсаты:** Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшаңдыққа, ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Ауа райын бақылау Бақылау Табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы балалардың білімдерін қалыптастыру. Қ ы р к ү й е к – күн қысқарды, күн көзі жаздағыға қарағанда төмендеді, ал ауа температурасы болса тәулік ішінде бірден өзгереді. Күндіз ауа райы жылы, кейде тіпті ыстық та, бірақ түндер салқынырақ болып барады. Қ а з а н – суық түсе бастады, бұлыңғыр күндер көбірек болып жиі жаңбыр жауатын болды, күшті жел соғатын болды. Ауа температурасы төмендеді. Күн бұрынғыдан да қысқарды. Қ а р а ш а – күндер қысқарды, күн көзі жоғары көтерілмейді, күндер бұрынғыдан да суытты. Аспан бұлыңғырланып, қар аралас жаңбыр жиі жауады Сөздік ойын «Ауа райы туралы айтып бер» Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты т.б.)	Желді бақылау Бақылау Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел – бұл ауа қозғалысы. Желдің күшін өсімдіктердің қозғалысына қарап анықтауды үйрету (күшті, әлсіз; әлсіз жел жапырақты ақырын тербетеді, түсіп жатқан жапырақты сәл ғана жылжытады; күшті жел – ірі бұтақтарды шайқалтады, ағаштардың жапырақтарын жұлады). Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын тәрбиелеу, балалардың ақыл - ой, тіл белсенділігін дамыту *Көркем сөз* Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады (Жел) Жел де ауа кәдімгі, Жел дегенің тек бірақ. Ойға-қырға шапқылап, Байыз таппас ауа ғой. (М. Әлімбай) «Жел» сөзіне анықтама айт» Заттардың сапасын білдіретін сөздердің қорын кеңейту Т ә ж і р и б е. Шардың желін шығару. Қ о р ы т ы н д ы. Жел дегеніміз – кейде қатты,	Күнді бақылау Бақылау Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына, қалай қыздыратынына аудару. Күннің қай уақытында күн көзі қатты қыздырады және неліктен? Күннің орны мен күздегі күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту (күн жоғары көтерілмейді, күндер қысқарып барады). Табиғатқа деген байқағыштығын, білуге құштарлығын, сүйіспеншілігін дамыту. Көркем сөз «Анамыздай мейірлі күн, Аймалайды шыңда тұрып». Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі шық, шық! Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! «Бұлт пен күн» Батылдыққа, қауіптіліктен құтылу мақсатындағы жұмылу қабілетіне тәрбиелеу, еркін дамыту	Бұлтты бақылау Бақылау Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақырын, бірде тез жылжитынын түсіндіру. Ерте күзде аспан көбінесе көгілдір, таза болып аспанда бұлттар ақырын жүйткиді. Бұлттар қозғалысының жел күшімен байланысын айтуға үйрету. Көркем сөз Аспанға ұшар бу болып, Жерге қайтар су болып (Бұлт) «Аспан денелерін ата» Күн, Ай, жұлдыздар, планеталар – аспан денелері екендігі жайлы балалардың білімдерін бекіту

				кейде баяу горизонтальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы.		
Серуеннен оралу	12:00 -12:20	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Гигиеналық шаралар Түскі ас	12:20 - 13:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызуҰқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Күндізгі ұйқыға жатқызу	13:00 - 15:10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
		Төлдер айтысы ертегісін оқып беру Баяу музыкамен балаларды ұйықтату	Бір үзім нан Ертегілер айтып жағымды үнмен тәтті ұйқыға жатқызу	Екі сараң қонжық. Ертегілер айтып жағымды үнмен тәтті ұйқыға жатқызу	Әтеш пен тоты. Ертегілер айтып жағымды үнмен тәтті ұйқыға жатқызу	**Мұрагер** Ертегілер айтып жағымды үнмен тәтті ұйқыға жатқызу .
Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар	15:10 - 15:40	1.**Керуеттегі жаттығулар** (2-3 минут) Ояну жаттығу. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) - «Күн оянады» - арқада жатып. Шынтаққа көтерілу, басты оңға –солға бұру. - «Күн оянады» - арқада жатып. Тізені қолмен құшақтау, оңға солға бұралу. - «Күншуақты жаттығу» - арқада жатып. Алдымен қолды, содан соң аяқты жоғары –төмен көтереді. - «Күн көтеріледі» - іште жатып, қолдары шынтағынан бүгілген. Аяқты төсектен көтермей, түзу қолдарына көтерілу. - «Мен – үлкен күнмін» - төсек жанында тұрып. Қолдарын айналдырып көтеру, керілу, өкшеге тұру. 6-7 рет 2.Керует жанындағы жаттығулар (2 ,5минут) «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді. Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. Төмен, төмен, төменге - балалар тізе бүгіп отырады, басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. Керемет, керемет - Балалар тұрып алақан соғады. Күлімдейді күн. Қол белде, оңға-солға бұрылу. 7-8 рет 3.**Шынықтыру шарасы.** (2-3 минут) Табанды шынықтыру массажы				

		Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру. 4.Демалуды қалыпқа келтіру Тыныс алу жаттығу. Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах. 1,5 мин.				
Гигиеналық шаралары.Бесін ас.	15:40 - 16:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.	16:00 - 16:30	**Құрылыс ойындары** «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».	**<u>Ойыншықтар әлеміне саяхат»</u> Тақырыбы:** Қуыршақты тамақтандыру **Мақсаты:** Балаларды алдымен қуыршақпен таныстырып, қуыршақпен кімдер ойнаитынын айтып түсіндіру. Қуыршақты тамақтандыруды үйрету**.**	«Отбасы» **Мақсаты**: Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру	**Әңгіме құрастыру** «Әжең туралы әңгімелеп бер» **Мақсаты**: баланың сөздік қорын жақын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту	**Дидактикалық ойын :** «Киімдерін тап» **Мақсаты:** Ойлау қабылетін, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту
		Дидактикалық ойындар «Бір сөзбен ата» **Мақсаты**: заттарды бір сөзбен айтуды үйрету, сөздік қорларын байыту	Жеке жұмыс «р» дыбысы қатысты бар сөздерді үйрету.	Балалармен жеке жұмыс Ермексазды жұлып бірнеше бөлікке бөлуге үйрету- түстерді ажырату, есте сақтауға үйрету	Балалармен жеке жұмыс Суреттің шетіне шықпай бояту. **Мақсаты:** қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Балалармен жеке жұмыс Заттық суреттер-Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.
Серуенге дайындық.	16:30 - 16:50	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары	16:50 - 17:20	«Ұстап ал» **Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша	«Кім кетті» **Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін артырып,байқампаздық	**«Күн мен түн»** **Мақсаты:** Балалардың зейінін қалыптастыру. Ойлау қабілетін	**«Қасқырлар мен лақтар» Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа,	**« Ұшты-ұшты »** **Мақсаты:** Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын,

		қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойының	қа тәрбиелеу.	арттыру.	ептілікке тәрбиелеу..	аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.
Серуеннен оралу.	17:20 - 17:30	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Гигиеналық шаралар	17:30 - 18:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;				
Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	18:00 - 18:30	Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. .	«Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың бейімделу кезеңінде психологиялық денсаулығын сақтау» ата-аналарға арналған кеңестер	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін ескеру және кеңес беру.	Бірге істейік «Ойыншықтарды жинастыру Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайту

ЦИКЛОГРАММА

II-апта (05.10.2020-09.10.2020 ж.)

Ортаңғы «Балсая» тобы

Өтпелі тақырып:«Менің отбасым»

Тақырыпша:Біздің көше

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 05.10.2020ж	Сейсенбі 06.10.2020ж	Сәрсенбі 07.10.2020ж	Бейсенбі 08.10.2020ж	Жұма 09.10.2020ж
	8:00 - 8:30	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Біздің көшетуралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
		«Қай зат кімдікі» **Мақсаты:** Берілген отбасы мүшелерінің суреттерінің тұстарына балалар өзіне тиесілі заттарын алып жанына қояды	**«Жылулық лебізі»** Балалар бәріміз жулулық шеңбер құрып, атаналарың сендерге қандай жылы сөздер немесе еркелетіп айтатын сөздерін айту керексіңдер	Саусақ жаттығу. Құстар қанат қағады Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ деп ән салады.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	**Отбасы мүшелерін ата:** Отбасы мүшелерін айта отырып балаларға суреттерін көрсету.
		Таңертеңгі жаттығулар кешені Құралмен 5-6мин **Мақсаты:**Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	8:30 - 9:00	Ойын- жаттығу Орманда кірпі келеді, Саңырауқұлақ тереді. Кездесті, міне, керегі: Екеуі қайың астынан. Біреуі терек қасынан. Қанша олар болмақ есепте, Тоқылған салса себетке? Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауАсқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу. **Бата:**Аумин десең маған Құдай берсін саған Алтыннан-жағаң Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін Тілеуің қабыл Мұратың асыл болсын аумин				
Ойындар, ұйымдастырылған	9:00 -	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		Құрылыс ойыны: «Менің	«Бағдаршамды құрастыр»	**«Жолаушылар»**	«Танып ал да, атын ата»	«Қажетті түсті тап»

оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	9:15	көшем» **Мақсаты:** балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материялдарын ұалай пайдалану керектігін меңгеру	**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту	**Мақсаты:** Балалардың көңілднрін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	**Мақсаты:** жол белгілерінің атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	ойыны Балаларға сенсорлық тәрбие беру
Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәрумендітаңғы ас)	9:15 - 10:00	**<u>Жаратылыстану.</u>** **Тақырыбы:** «Саңырауқұлақтар» **Мақсаты:**Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін салуға үйрету **<u>Жапсыру.</u>** **Тақырыбы:**Тәрелкедегі қияр мен қызанақ **Мақсаты:**Балаларға күз туралы түсініктерін арттыру. Жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жемістер туралы түсініктер беру. Музыка. **Тақырыбы:** 1.«Анашым» **Мақсаты:**Сұрақ – жауап әдісі арқылы әңгіме құрастыруды үйретуді жалғастыру, алгоритмдік ойлау машықтарын дамыта	**<u>Сөйлеуді дамыту.</u>** **Тақырыбы:** «Көкөністерден көже жасау» **Мақсаты:**балаларды ыдыс-аяқ атаулары бойынша сөздік қорларын молайтып,байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру, «ш» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру **<u>Дене шынықтыру.</u>** **Тақырыбы:**Тиінге қонаққа барамыз. **Мақсаты:** Қос аяқтап алға жылжи секіруді; қойылған заттардың арасынан «ирелеңдеп» еңбектеуге үйрету.	Математика негіздері. **Тақырыбы:** Кеш.Біреу - көп **Мақсаты:**Қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа қызығушылыққа тәрбиелеу. Музыка. Тақырыбы: 2. «Ақ әжем» **Мақсаты:** Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл құйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақтың мәнерлігін тұсініп, ажыратуға ұйрету.Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін бикімылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.	**<u>Сурет салу</u>** **Тақырыбы:** «Біздің көшедегі жол» **Мақсаты:**Жалпы жол белгілерімен балаларды таныстыруды жалғастыру,жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру. **<u>Дене шынықтыру.</u>** **Тақырыбы:** Балапандарға қонаққа барамыз. **Мақсаты:** Орында тұрып жеңіл секіру және еденге(жерге) жұмсақ қону; жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Сап-тізбекке тұруға жаттықтыру.	**<u>Құрастыру</u>** **Тақырыбы:** «Лақтарға және боталарға арналған қоршаулар» **Мақсаты:** Лақтарға және боталарға арналған қоршауларды жасап ептілікке баулу **<u>Дене шынықтыру.</u>** **Тақырыбы:** Балапандарға қонаққа барамыз. **Мақсаты:** Орында тұрып жеңіл секіру және еденге(жерге) жұмсақ қону; жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Сап-тізбекке тұруға жаттықтыру. :

Серуенге дайындық.	10:00 - 10:20	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	10:20 - 12:00	Жаңбырды бақылау Бақылау Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатыны туралы түсіндіру (жылы, суық). Жаңбырдан кейін күн салқындайтынын, шалшықтар ақырын кеуіп кетінін атап айту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді есте сақтауға үйрету. Көркем сөз Жау,жау, жаңбыр, Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер көп болсын! Жауған жерің шөп болсын!	Жапырақтардың түсуін бақылау Бақылау Балалар назарын жапырақтардың қызыл, сары, алтын түсті, жасыл-сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аударту. Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың бөліктерін атауға үйрету. Жапырақтар көп мөлшерде немесе аз мөлшерде түсетінін, бұл көрініс жел күшіне байланысты екенін атап айту. Табиғаттың бір құбылысының екінші бір құбылысымен өзара байланысын көруді үйрету; күзгі табиғат әсемдігін қабылдауға үйрету.	Тұманды бақылау Бақылау Балаларға неліктен тұман болатындығын түсіндіру. Тұман қалай пайда болатынын, қашан болатынын, қандай пайда келтіретінін еске түсіру. Екеуі де ұсақ, кішкене су тамшыларынан тұратындықтан бұлттар мен тұман – егіздер. Тұман қалың болғанда айналадағы заттар көрінбейді. Тұман әсіресе, таңертеңгі мезгілде, жер қатты суық болған кезде қалың болады.	Шықты бақылау Бақылау Күзде шықтың жиі түсетінін, оның барлық жерлерде күмістей болып жарқырап жататынын атап айту. Күзде неліктен таңғы мезгілде шық мол түсетінін және ақырындап жоғалып кететінін, ал кей кезде күні бойы сақталатынын балалармен бірге еске түсіру. Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: күн шықты – шық жоғалды. Балалардың эстетикалық қабылдауын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	Аспанды бақылау Бақылау Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Табиғаттың күзгі құбылыстары жайлы балалардың ұғымдарын кеңейту. Байқағыштығын, аңғарымпаздығын, салыстыра алуын дамыту.
Серуеннен оралу	12:00 -12:20	. Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Гигиеналық шаралар Түскі ас	12:20 - 13:00	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызуҰқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Күндізгі ұйқыға жатқызу	13:00 - 15:10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
		№25.Ақылды лақ Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	№26 Арыстан күшігін асыраған мысық ертегісін оқып беру	№27Екі қаз,бір бақа. ертегісін оқып беру. -- Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	№28 Адасқан құмырсқа ертегісін оқып беру.	№29 «Ат пен есек» ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру	15:10 - 15:40	1Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық ,	(2-3 минут)			

